«8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алтайбаева Аяулым Нурболдиевнаның «Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға әсері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4. «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмыс.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	

		(бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен елеміздегі ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Алтайбаева Аяулымның диссертациялық зерттеуі қазіргі қоғамдағы жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу мәселесін түркі дүниетанымының философиялық-мәдени негіздерімен сабақтастыра қарастыруымен ғылыми маңыздылығы жоғары еңбек ретінде бағаланады. Зерттеу жұмысында жастардың саяси бағдарлары мен құндылықтық ұстанымдарының эволюциясы тарихи-философиялық, өркениеттік және әлеуметтік-саяси контексте кешенді түрде талданған. Автор жастар феноменін тек әлеуметтік категория ретінде ғана емес, қоғамдық трансформациялардың негізгі субъектілерінің бірі ретінде пайымдап, олардың саяси санасының қалыптасуына ықпал ететін рухани-мәдени, тарихи және идеологиялық факторларды жүйелі түрде саралаған. Сонымен қатар, еңбекте түркілік дүниетанымның аксиологиялық негіздері қазіргі жастардың азаматтық ұстанымдары мен саяси мәдениетін қалыптастырудағы маңызды рухани ресурс ретінде қарастырылған.

			Диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығы – түркілік саяси-философиялық мұра мен қазіргі мемлекеттік жастар саясаты арасындағы сабақтастықты айқындап, жастардың құндылықтық бағдарларын ұлттық дүниетаным негізінде дамыту мәселесіне теориялық әрі әдіснамалық тұрғыдан жаңаша көзқарас ұсынуында. Зерттеуде тарихи деректер, философиялық концепциялар, әлеуметтік тәжірибелер мен заманауи ғылыми тұжырымдар өзара үйлестіріліп, зерттеу нысанына кешенді талдау жасалған. Сондай-ақ, жұмыста жастардың әлеуметтік-саяси белсенділігін арттыру, ұлттық құндылықтарды сақтау және қазіргі қоғам жағдайында рухани тұтастықты нығайту мәселелеріне қатысты практикалық маңызы бар ұсыныстар берілген. Диссертация құрылымы логикалық жүйелілігімен, мазмұндық тұтастығымен және ғылыми пайымдауларының дәйектілігімен ерекшеленеді.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	**Жоғары.** Алтайбаева Аяулымның диссертациялық зерттеуі жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу мәселесін түркілік дүниетаным аясында кешенді қарастыруымен ерекшеленетін ғылыми-теориялық маңызы жоғары еңбек болып табылады. Зерттеу барысында автор жастар феноменін, құндылықтар теориясын және саяси құндылықтардың әлеуметтік-философиялық табиғатын жүйелі түрде талдап, олардың түркілік өркениеттік санадағы орны мен мазмұнын терең пайымдаған. Диссертацияда елдік сана, рухани сабақтастық, ұлттық бірегейлік және саяси мәдениет ұғымдары өзара байланыста қарастырылып, қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарларын айқындаудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор дәстүрлі түркілік ойлау жүйесіндегі адам, қоғам, мемлекет және жауапкершілік туралы қағидаларды қазіргі әлеуметтік-саяси үдерістермен байланыстыра

			отырып, жастардың саяси санасын қалыптастырудың философиялық тетіктерін саралаған. Зерттеудің мазмұндық ауқымы қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жастардың әлеуметтену ерекшеліктерін, мәдени коммуникация кеңістігіндегі өзгерістерді және жаңа құндылықтық бағдарлардың қалыптасу динамикасын қамтиды. Осы тұрғыда диссертант жастар мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми концепцияларға, теориялық модельдерге және ұғымдық аппараттарға салыстырмалы әрі сыни талдау жүргізіп, зерттеу нысанына қатысты ғылыми әдебиеттерді жүйелі түрде қорыта алған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – түркілік дүниетаным мен қазіргі жастардың саяси құндылықтары арасындағы рухани-тарихи сабақтастықты философиялық әдіснама негізінде қайта пайымдап, оны қазіргі қоғамдық даму талаптарымен ұштастыруында. Автор мәселені тек теориялық сипаттаумен шектелмей, жастардың саяси мәдениеті мен құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған өзіндік әдіснамалық ұстанымдар мен концептуалды тұжырымдар ұсынған. Сонымен қатар, ізденушінің ғылыми жарияланымдары зерттеу тақырыбының мазмұнын толық ашып, диссертациялық жұмыстың дербес ғылыми ізденіс нәтижесінде дайындалғанын айқындайды. Диссертанттың авторлық пайымдаулары мен теориялық қорытындылары жұмыс құрылымында бірізді логикалық жүйемен беріліп, зерттеудің ғылыми тұтастығы мен ма
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі жаһандану және цифрлық кеңістік жағдайындағы құндылықтар трансформациясымен, сондай-ақ жастардың саяси көзқарастарын тарихи сабақтастық негізінде зерделеу қажеттілігімен жеткілікті

		3) негізделмеген.	деңгейде негізделген. Диссертант жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мәселесіне тек сипаттамалық емес, терең философиялық тұрғыдан талдау жасап, «жастар» және «құндылық» ұғымдарының әлеуметтік-саяси мәнін ұлттық дүниетаным аясында қарастырған. Зерттеуде түркілік саяси құндылықтар мен мемлекеттілік идеяларының концептуалды негіздерін ашуға бағытталған әдіснамалық тәсілдер тиімді қолданылып, түркілік дүниетанымның іргелі ұғымдарын қазіргі қоғам талаптарымен ұштастыру ғылыми тұрғыдан сәтті жүзеге асырылған. Диссертация құрылымы логикалық жүйелілігімен ерекшеленеді, ал зерттеу нәтижесінде автор мәселе бойынша өзіндік танымдық-әдіснамалық ұстаным қалыптастыра алған. Жұмыста тақырыптың ғылыми маңыздылығы мен оның философиялық тұрғыдан ашылу деңгейі теориялық негізде дәйекті дәлелденген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі жаһандану мен цифрлық қоғам жағдайындағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі және жастардың саяси санасын тарихи-мәдени сабақтастық негізінде зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Диссертант жастардың саяси құндылықтарын философиялық тұрғыдан талдап, түркілік дүниетанымның іргелі ұстанымдарын қазіргі қоғамдық үдерістермен ұтымды байланыстыра алған. Зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер мәселенің мазмұнын терең ашуға мүмкіндік беріп, жұмыстың ғылыми-теориялық деңгейін арттырған. Диссертация құрылымы жүйелі әрі логикалық жағынан бірізді, ал автордың өзіндік ғылыми тұжырымдары зерттеудің танымдық және практикалық маңызын айқындайды.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертант зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін тақырыптың мазмұнына сәйкес ғылыми тұрғыдан нақты айқындап, оларды орындау барысында жүйелілік пен ішкі логикалық сабақтастық қағидаларын ұтымды сақтаған. Зерттеу құрылымы қойылған ғылыми мақсатқа толықтай бағындырылып, әрбір бөлім мен тарау жастар мәселесін саяси-философиялық тұрғыдан кешенді талдауға бағытталған. Диссертацияда жастардың саяси құндылықтарының теориялық негіздері, олардың философиялық мазмұны мен мәні, сондай-ақ цифрлық қоғам жағдайындағы түркілік дүниетаным аясында қалыптасу ерекшеліктері өзара байланыста қарастырылған. Жұмыс бөлімдерінің мазмұны зерттеу міндеттерінің дәйекті орындалуын қамтамасыз етіп, тақырыптың ғылыми тұтастығы мен концептуалдық бірлігін айқындайды. Диссертант зерттеу мақсатына сәйкес теориялық және әдіснамалық ұстанымдарды тиімді үйлестіре отырып, мәселені жүйелі әрі дәлелді түрде зерделеген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу тақырыбының мазмұны мен ғылыми мақсатына толық сәйкес келеді және ғылыми зерттеуге қойылатын теориялық әрі әдіснамалық талаптар негізінде жүйелі түрде құрылған. Жұмыстың барлық бөлімдері өзара логикалық және мазмұндық сабақтастықта байланысып, зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді. Диссертацияда қарастырылған мәселелер кіріспеден бастап қорытындыға дейін бірізді ғылыми дәйектемелер арқылы өрбіп, әр тарау мен тараушалар зерттеудің негізгі концептуалдық желісін толықтырып отырады. Әсіресе, жастардың саяси құндылықтарына түркілік дүниетанымның ықпалын талдау барысында теориялық,

			философиялық және әдіснамалық ұстанымдардың өзара үйлесімділігі сақталған. Жұмыстың құрылымдық жүйесі — кіріспе, үш тарау, тараушалар, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі — зерттеу тақырыбымен мазмұндық тұрғыдан толық үндесіп, диссертацияның ішкі логикалық бірлігі мен ғылыми тұтастығын айқындайды. Барлық бөлімдер мен тұжырымдар бір-бірімен тығыз байланыста беріліп, зерттеу мәселесінің кешенді әрі дәйекті түрде ашылуына мүмкіндік жасаған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеу жұмысында автор ұсынған ғылыми шешімдер мен әдіснамалық ұстанымдар жеткілікті деңгейде негізделіп, отандық және шетелдік ғылыми еңбектермен салыстырмалы түрде талданған. Диссертант жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мәселесін түркілік дүниетанымның аксиологиялық және саяси-мәдени негіздерімен сабақтастықта қарастырып, жаңа концептуалдық бағыт ұсынған. Диссертант жастар феномені, саяси сана және құндылықтар теориясына қатысты ғылыми көзқарастарға сыни талдау жасап, түркілік дүниетанымдағы «Ел», «Жер», «Мәңгі Ел», «Құт», «Әділет» секілді ұғымдарды логикалық-семантикалық тұрғыдан зерделеу арқылы зерттеудің ғылыми жаңашылдығын айқындаған. Диссертацияда тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, феноменологиялық және логикалық-семантикалық әдістердің кешенді қолданылуы жастардың саяси құндылықтарын тарихи жады мен мәдени код аясында терең пайымдауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, автор цифрлық қоғам жағдайындағы жастар санасының трансформациясын түркілік құндылықтармен

			байланыстыра отырып, жастардың саяси мәдениетін қалыптастырудың жаңа әдіснамалық бағдарларын ұсынған. Жалпы алғанда, автор ұсынған тұжырымдар бұрыннан белгілі теориялық үлгілермен салыстырылып, олардың ғылыми және практикалық маңызы дәйекті түрде негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ізденушінің диссертациялық жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидалар ғылыми жаңашылдығымен және теориялық тереңдігімен ерекшеленеді. Диссертант зерттеу барысында жастардың саяси-құндылықтық бағдарларының қалыптасу үдерісін түркілік дүниетаным мен қазіргі цифрлық қоғам контексінде кешенді түрде қарастырып, жаңа теориялық тұжырымдар мен жүйелі әдіснамалық ұстанымдар ұсынған. Диссертацияда мәселенің тек теориялық емес, оның әлеуметтік-прагматикалық қырлары да сараланып, жастар феноменінің әлеуметтік философиядағы эволюциясы, құндылықтар трансформациясы және цифрлық кеңістіктің жастар санасына ықпалы терең талданған. Диссертант ұсынған ғылыми пайымдаулар дәстүрлі әлеуметтік-философиялық көзқарастарды толықтыра отырып, жастардың саяси құндылықтарын ұлттық дүниетаным негізінде зерделеудің жаңа бағыттарын қалыптастырады. Сонымен қатар, жұмыста қолданылған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік тәсілдер цифрлық қоғам жағдайындағы жастар құндылықтарын зерттеу саласындағы тың ізденіс ретінде бағаланып, қазіргі философия ғылымының дамуына өзіндік үлес қосады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары ғылыми тұрғыдан толығымен жаңа және теориялық-әдіснамалық негізде жеткілікті дәрежеде дәйектелген. Жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен

		1) **толығымен жаңа;**	ғылыми нәтижелер бұрын ғылыми айналымда жүйелі түрде қарастырылмаған жастардың саяси құндылықтарының түркілік дүниетанымдағы негіздерін және олардың цифрлық қоғам жағдайындағы трансформациясын кешенді талдауға бағытталған. Диссертант зерттеу барысында жастардың саяси санасы мен құндылықтық бағдарларын тарихи сабақтастық, ұлттық дүниетаным және қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясында философиялық тұрғыдан жаңаша пайымдаған. Ұсынылған қорытындылар нақты теориялық-методологиялық ұстанымдарға сүйеніп жасалған және қазіргі философия ғылымының даму талаптарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, диссертанттың түркілік саяси құндылықтарды қазіргі жастар дүниетанымымен байланыстыра қарастыруы, цифрлық кеңістіктің жастар санасына ықпалын саралауы және осы үдерістерге қатысты жаңа түсіндірмелер ұсынуы зерттеудің ғылыми жаңашылдығын айқындай түседі. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация қорытындылары жастардың саяси құндылықтарын зерттеудің жаңа ғылыми бағытын қалыптастыратын маңызды нәтижелер ретінде бағаланады.
		2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық және әдіснамалық шешімдер ғылыми тұрғыдан жаңа әрі негізделген. Диссертант жастардың саяси құндылықтарын түркілік дүниетаным және цифрлық қоғам жағдайымен сабақтастыра қарастырып, мемлекеттік жастар саясатын құндылықтық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған ғылыми ұстанымдар ұсынған. Зерттеуде түркілік дүниетанымдағы елдік сана, әділеттілік, бірлік және мемлекеттілік идеялары қазіргі жастардың саяси мәдениетін
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	қалыптастырудың маңызды негіздері ретінде талданған. Сонымен қатар, цифрлық коммуникациялар мен әлеуметтік платформалардың жастар санасына ықпалы сараланып, олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырудың жаңа әдіснамалық тәсілдері негізделген. Зерттеу нәтижелері білім беру, жастар саясаты және қоғамдық институттар қызметінде қолдануға болатын теориялық және практикалық маңызы бар тұжырымдарды қамтиды. Диссертациялық зерттеудің теориялық қағидалары саяси философияның іргелі тұжырымдамаларына негізделген. Сондықтан алынған нәтижелерді жаһандану дәуіріндегі тұлғаның әлеуметтік-саяси бейімделуі мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісінде қолдануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделген және теориялық-әдіснамалық дәйектілігімен ерекшеленеді. Диссертант зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, философиялық тұжырымдамаларға, тарихи деректер мен әлеуметтік тәжірибелерге сүйене отырып, жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктерін кешенді түрде талдаған. Зерттеуде түркілік дүниетанымның саяси-құндылықтық негіздері, жастар санасының трансформациясы және цифрлық қоғам жағдайындағы әлеуметтік өзгерістер өзара байланыста қарастырылып, ғылыми тұжырымдар салыстырмалы, герменевтикалық және логикалық-семантикалық талдау әдістері арқылы дәйектелген.

			Сонымен қатар, ізденушінің қорытындылары зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келіп, жұмыстың ішкі логикалық тұтастығы мен ғылыми негізділігін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияның негізгі нәтижелері ауқымды ғылыми дәлелдемелерге сүйене отырып тұжырымдалған деп бағалауға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ;	7.1. Дәлелденді. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер диссертациялық жұмыстың мазмұны мен зерттеу логикасына толық сәйкес келеді және ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделген. Автор зерттеу барысында жастардың саяси құндылықтарының қалыптасуын түркілік дүниетаным, тарихи сабақтастық және қазіргі цифрлық қоғам жағдайымен өзара байланыста қарастырып, ұсынылған қағидаларды теориялық және әдіснамалық тұрғыдан дәйектей алған. Қорғауға шығарылған тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, философиялық концепцияларға, тарихи деректер мен әлеуметтік тәжірибелерге сүйене отырып негізделген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келіп, ішкі логикалық тұтастық пен ғылыми бірізділікті сақтай отырып тұжырымдалған. 7.2. Жоқ. Қорғауға ұсынылған ережелер тривиалды сипатқа ие емес. Автор жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мәселесін түркілік дүниетаным, ұлттық мәдени код және цифрлық қоғам жағдайындағы әлеуметтік трансформациялар аясында кешенді түрде қарастырып, ғылыми айналымда бұрын жүйелі түрде талданбаған тұжырымдар ұсынған. 7.3. Жаңа. Ізденуші зерттеу барысында отандық философия ғылымында бұрын арнайы жүйеленіп қарастырылмаған қағидалар

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	мен тұжырымдарды ғылыми жаңалық деңгейінде негіздеп, оларды қазіргі қоғамдық-әлеуметтік контексте өзектендіре алған. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Диссертациялық зерттеу нәтижелері философия, жастар саясаты және гуманитарлық ғылымдар салаларында кеңінен қолдануға лайық. Диссертант ұсынған тұжырымдар жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мәселесін зерттеуде теориялық және практикалық маңызға ие болып, әлеуметтік қатынастар мен ақпараттық қоғам жағдайындағы құндылықтық бағдарларды зерделеуге әдіснамалық негіз бола алады. 7.5. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары 4 ғылыми мақалада және 1 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында жарияланған. Жарияланымдардың біреуі Scopus халықаралық дерекқорына енетін басылымда, ал үшеуі Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жарық көрген. Диссертанттың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны мен ғылыми бағыттарын толық қамтиды.
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдер жұмыстың мазмұнын ашуға толықтай сәйкес келеді және диссертацияның теориялық-әдіснамалық негіздері мен қойылған ғылыми мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға тиімді қызмет етеді. Диссертант зерттеу барысында философиялық-әлеуметтанулық, герменевтикалық және феноменологиялық әдістерді зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес тиімді қолданған. Аталған әдістер
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	

		2) жоқ.	жұмыстың теориялық тұтастығы мен ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етіп, зерттеу нәтижелерінің негізділігін айқындайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияда берілген теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар өзара мазмұндық және логикалық сабақтастықта жүйеленіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Диссертант зерттеу барысында қарастырылған мәселелерге сыни талдау жасап, оларды нақты ғылыми дәлелдер мен теориялық пайымдаулар арқылы дәйектей алған. Осыған сәйкес, аталған өлшем бойынша «иә» деген қорытынды жасауға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер	Жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар мен ғылыми нәтижелер тиісті ғылыми әдебиеттерге, философиялық және тарихи-мәдени концепцияларға, зерттеу нысанына қатысты әлеуметтік тәжірибелер мен нақты мысалдарға сүйене отырып негізделген. Диссертант әртүрлі теориялық көзқарастар мен ғылыми тұжырымдарды саралай отырып, мәселе бойынша өзіндік авторлық пайымдаулар мен қорытындылар қалыптастыруға ұмтылған.

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыста келтірілген негізгі мәлімдемелер мен ғылыми тұжырымдар зерттеу тақырыбына сәйкес келетін отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ нақты дереккөздер мен сілтемелер арқылы жеткілікті деңгейде негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға және әдеби шолуды ғылыми тұрғыдан негіздеуге жеткілікті деңгейде қамтылған. Диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың философия, саяси философия, аксиология, жастар саясаты және түркі дүниетанымы мәселелеріне арналған еңбектері кеңінен пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Бар. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жастардың саяси құндылықтарын түркілік дүниетаным негізінде философиялық тұрғыдан кешенді зерделеуімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері саяси философия, аксиология, жастар саясаты және ұлттық дүниетаным мәселелерін талдаудың теориялық-әдіснамалық аясын кеңейтіп, жастардың саяси санасы мен
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

			құндылықтық бағдарларын тарихи-мәдени сабақтастық негізінде пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен концептуалдық ұстанымдар қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы құндылықтар трансформациясын түсіндіруге, ұлттық саяси мәдениет пен азаматтық сананың қалыптасу ерекшеліктерін тереңірек талдауға негіз болады. Диссертация нәтижелері философия және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен оқу үдерісінде теориялық база ретінде қолдануға лайық.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Иә. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жеткілікті деңгейде негізделген. Зерттеу қорытындылары жастар саясаты, білім беру, идеологиялық және тәрбие жұмыстары салаларында жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру мен ұлттық дүниетанымды нығайту бағытында пайдалануға болады. Диссертант ұсынған тұжырымдар қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жастар санасының құндылықтық бағдарларын айқындауға, азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениетті қалыптастыруға әдіснамалық негіз бола алады. Сонымен қатар, диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында және мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бағдарламаларында қолдануға лайық.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар жастардың саяси құндылықтарын түркілік дүниетаным негізінде қалыптастыру мәселесін қазіргі цифрлық қоғам жағдайымен байланыстыра қарастыруымен ерекшеленеді. Автор ұлттық құндылықтарды жастар санасына сіңірудің,

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениетті нығайтудың жаңа әдіснамалық бағыттарын ұсынған. Зерттеу нәтижелері жастар саясаты, білім беру, тәрбие және идеологиялық жұмыстарды жетілдіруде қолдануға болатын нақты ғылыми ұсыныстарды қамтиды. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған тұжырымдар қазіргі қоғамдағы құндылықтар трансформациясы жағдайында жастардың саяси санасын қалыптастырудың тиімді тетіктерін айқындауға бағытталған жаңа практикалық бағдарлар ретінде бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Диссертация ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылып, зерттеу мазмұны жүйелі, логикалық бірізділікпен баяндалған. Автор ғылыми ұғымдар мен терминдерді орынды қолданып, теориялық тұжырымдар мен қорытындыларды академиялық талаптарға сай дәйекті түрде негіздей алған. Жұмыста ғылыми пайымдаулардың нақтылығы, ой сабақтастығы және мазмұндық тұтастық сақталған. Сонымен қатар, диссертацияның тілі ғылыми-теориялық сипатымен ерекшеленіп, зерттеу нәтижелерін түсіндіруде академиялық жазу мәдениеті мен ғылыми этика талаптары толық сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияда шетелдік ғылыми әдебиеттер кеңінен пайдаланылған, алайда қазіргі батыстық саяси философиядағы жастар құндылықтарына қатысты жаңа теориялық бағыттармен салыстырмалы талдауды тереңдете түсуге мүмкіндік бар.. 2.Кейбір бөлімдердегі қолданылған ұғымдық-категориялық аппараттың мазмұнын аша түсу зерттеудің мазмұнын байыта түседі.

			Алайда, бұл ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығына ешқандай кері ықпал етпейді. Зерттеу негізгі мақсаттары мен міндеттерін толығымен орындап, өзекті мәселеге жаңа ғылыми көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан, диссертацияның мәдениеттану саласына қосқан үлесі жоғары бағалануға лайық.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		1. Алтайбаева А.Н., Телебаев Ф.Т., Бексейит А.М. Политический концепты в традиционном тюркском миропонимании // Философия. Журнал Высшей школы экономики. – Современная философия 2024. – Т. 8, № 3. – С. 176-206. Бұл ғылыми мақала дәстүрлі түркілік таным жүйесіндегі саяси идеялар мен басқару институтдарының философиялық негіздерін зерделеуге арналған. Авторлар тарихи дереккөздер мен ойшылдардың мұраларына сүйене отырып, түркілік мемлекетшілдік, билік архитектоникасы мен әлеуметтік әділеттілік ұғымдарының мәнін ашады. Жұмыста көшпенділер қоғамының өзіндік саяси мәдениеті мен оның қоғамдық құрылымды реттеудегі қызметі жүйеленген. Тұжырымдалған теориялық пайымдаулар түркі халықдарының саяси-философиялық ойын тереңірек түсіну үшін жоғары маңызға ие. 2. Алтайбаева А.Н., Телебаев Ф.Т. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2024. – Т. 29, № 2 (114). – Б. 222-237. Мақалада дәстүрлі түркілік саяси бағдарлар мен мұраттардың бүгінгі жас буынның саяси мәдениеті мен сана-сезімін қалыптастырудағы рөлі талданады. Авторлар тарихи құндылықтар мен заманауи үдерістер арасындағы сабақтастыққа, сондай-ақ

			өскелең ұрпақтың азаматтық ұстанымына ерекше назар аударады. Еңбекте ұлттық код пен мемлекетшілдік сананы бекіту арқылы жастар арасындағы саяси енжарлық пен нигилизмнің алдын алу мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Бұл ізденіс жастар саясаты мен құндылықтар аксиологиясын зерттеуде өзектілігімен ерекшеленеді. 3. Altybaeva A.N., Telebaev F.T., Tashgyn A., Rau I. Influence of philosophical and political values in Kazakhstan // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2024. – № 3 (89). – Б. 26-36. Бұл жұмыста аксиология тұрғысынан құндылық теорияларының эволюциялық дамуы және саяси үдерістердің құндылықтар жүйесімен өзара ықпалдастығы талданған. Авторлар саяси шешімдер қабылдау мен мемлекеттік басқару тетіктеріндегі моральдық-этикалық нормалардың орнын философиялық деңгейде негіздейді. Құндылықтардың қоғамы біріктіруші және реттеуші фактор ретіндегі қызметі айқындалып, олардың саяси мәдениетпен сабақтастық заңдылықтары ашылған. Зерттеу заманауи қоғамдық-саяси қатынастарды реттеудің теориялық базасын нығайта түседі. 4. Алтайбаева А.Н., Телебаев Ф.Т. Құндылық теориялары және саясат пен құндылық қатынасы // Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық «Адам әлемі» журналы. – 2024. – № 4 (102). – Б. 117-124. Мақалада аксиология философиясы аясындағы құндылықтар теориясының эволюциясы және саяси үдерістердің құндылықтық жүйемен байланысы философиялық тұрғыдан сараланған. Авторлар мемлекеттік басқару мен саяси шешімдер қабылдау үдерісіндегі моральдық-этикалық ұстанымдардың маңызын негіздеп,

			құндылықтардың қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік реттеудегі рөлін айқындаған. Сонымен қатар, саяси мәдениет пен құндылықтар жүйесінің өзара ықпалдасу тетіктері талданып, зерттеу қазіргі қоғамдық-саяси қатынастарды теориялық тұрғыдан түсіндіруге үлес қосады. 5. Алтайбаева А.Н. Өскелең жастарға құқықтық тәрбие беру – Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолына апаратын алғышарттардың бірі // I Аманжол Қасабек оқулары философия ғылымының докторы, профессор Қасабек Аманжол Қасабекұлының 80 жылдығына, Бүкіләлемдік философия күніне арналған «Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының жинағы. Алматы. – 17.11.2023. – Б. 189-194. Конференция материалында «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы аясында жастардың құқықтық және азаматтық санасын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Автор ұлттық дүниетаным мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысын негіздей отырып, жастар арасында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті нығайтудың маңызды бағыттарын айқындаған. Сонымен қатар, қазақ философиясының дәстүрлі құндылықтары негізінде әлеуметтік белсенділік, қоғамдық жауапкершілік және құқықтық нигилизмнің алдын алу мәселелеріне талдау жасалып, зерттеу нәтижелері жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастырудың теориялық әрі қолданбалы маңызын көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-		Зерттеу тақырыбының өзектілігін, диссертацияда ұсынылған ғылыми жаңалықтардың деңгейін, сондай-ақ жұмыстың теориялық және практикалық маңызын ескере отырып, Алтайбаева Аяулым Нурболдиевнаның «Түркі дүниетанымының жастардың саяси

	тармағына сәйкес)		құндылықтарын қалыптастыруға әсері» тақырыбында «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді деп есептеймін. Осыған байланысты, Алтайбаева Аяулым Нурболдиевнаға «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

философия ғылымдарының докторы, профессор,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясының Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры **Халыков Кабыл Заманбекович**

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
ОТДЕЛ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ
РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ